

# ОРИЕНТАЛИЗМ

Ориентализм институттары





**Мақсаты:** Батыс елдеріндегі шығыстық зерттеулермен айналысатын ғылыми мекемелерді анықтау. Ориентализмнің ғылым мен мәдениет саласындағы институттарымен, олардың бағыты жайлы мәліметпен танысу.

## Шығыстану ұйымдарының құрылуы

Алдыңғы дәрістерде біз «ориентализм», «ориенталистика» ұғымдарына тоқталып, олардың жалпы ғылыми және оған Эдвард Саид берген анықтамасымен таныстық. Екі жағдайда да «ориентализм – бұл ең алдымен Шығыс» жайлы білім деген қағида негізгі болып саналады.

Ориентализм ең алдымен жинақталған жүйелі білімнің негізінде қалыптасқан ғылыми бағыт, академиялық ұғым екенін ескерсек, оны жүзеге асыратын ұйым, мекеме түріндегі тұтастай институтының болуы шарт. Батыста алдымен осы бағыт кең қанат жайды және Саидтің ориентализм атауына берген басқа екі бағытына нақты ықпал етті, сонымен бірге олармен байланыста болды. (Басқа екі бағыт: «Шығыс» пен «Батыс» арасындағы айырмашылыққа негізделген ойлау әдісі және Батыстың Шығысқа үстемдік ету әдісі).

Шығысты зерттеуге арналған оқу және зерттеу саласы ірі ғылыми-зерттеу мекемелері мен танымал университеттерді қамтиды. Олардың қызметі ориентализмнің басқа салаларынан өзінің академиялық сипатымен ерекшеленеді, яғни академиялық орта ретінде біз олармен таныс болуымыз қажет деген сөз. Екінші жағынан батыстық зерттеу орталықтары жайлы мәлімет алғанда біз Саидтің анықтамасы бойынша ориентализмді Батыстың Шығысқа үстемдік ету идеологиясы ретінде жүзеге асырған институттармен танысамыз.

Саидтің өзі атағандай «басқа да көптеген жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар сияқты ориентализмнің де өз зерттеу «парадигмалары», ғылыми ұйымдары, үстемдік етуші топтары (истеблишмент ағыл. establishment – ықпалды топтар) болды. Олардың қызметінің қарқынды жүрген кезеңі – XIX ғасыр.

Батыста ғылыми қоғамдастықтар саны артқан сайын Шығыс елдерін зерттеуші мамандардың саны ғана емес, деңгейі де арта берді, яғни ориентализмнің таралу жолдары көбейді. «Олар кімдер? Не істеді? Шығысты қалай зерттеді?» деген сұраққа жауап беру үшін жекелеген мекемелерге тоқталайық.

«Азия қоғамы» («The Asiatic Society»)

Қоғам 1936 жылы «Бенгалияның Корольдік Азия Қоғамы», 1832 жылы «Бенгалия Азия Қоғамы» деп аталып, кейіннен 1951 жылы бастапқы «Азия Қоғамы» атауы қайтарылды.

1784 жылы қаңтардың басында Уильям Джонс Британияның Калькуттада тұратын белгілі азаматтарына Азия зерттеулеріне арналған қоғам құру туралы ұсыныс хат жолдайды. 1784 жылы 15 қаңтарда оның шақыруы бойынша құрамында Чарльз Уилкинс, Джонатан Дункан бар отыз адам Форт-Уильямдағы Жоғарғы сот юрилерінің кабинетіне жиналады. Роберт Чемберстің басшылығымен өткен осы жиналыста Джонс өзінің алғашқы ұсыныстарын айтып, болашақ қоғамға қатысты өз жоспарын ортаға салады. Бірінші президенттікке генерал-губернатор Уоррен Гастингс ұсынылады, ал Уильям Джонстың өзі қоғамның вице-президенті болып сайланады. Аз уақыт өткен соң, Гастингс қызметінен бас тартып, орнына Уильям Джонс келеді.

1784–1828 жылдары қоғамға тек европалықтар ғана мүше бола алды. Ал 1829 жылы Г. Г. Уилсонның бастамасымен Двараканатх Тагор, Махараджа Байдьянатх Рой т.с.с. бірнеше үнділік қоғам мүшелігіне өтеді. Ал 1855 жылы қоғамның президенті болып алғашқы үнділік зерттеуші Раджендралал Митра сайланады.

1984 жылы Азия қоғамының екі жүз жылдығына орай, Үнді парламенті оның құрылуын ұлттық маңызы бар оқиға деп мойындап, ұйымның барлық бастамаларын толықтай қаржыландыруға ұсыныс жасайды. Бұл шараға Қоғамға бес миллион рупий көлемінде грант берген Индира Ганди қатысады.

Қоғам мен оның мүшелері санскрит, парсы, араб, бенгали, тибет және басқа Азия тілдерінде түпнұсқа және аударма түрінде әртүрлі кітап серияларымен бірнеше жүздеген шығыс мәтіндерін басып шығарады. Олардың қатарында 1848 жылы негізі салынған «Bibliotheca Indica» атты санскрит сериясы ерекшеленеді.



Чарльз Уилкинстің бұл салада атқарған сан алуан еңбегінің арасында санскрит тілінен аударылған көне үнді діни-философиялық ойының ескерткіші «Бхагавадгита» (1785), XII ға-сырда жазылған мысал өлеңдер «Хитопадеша» бар, ол сондай-ақ ұзақ жылдарғы еңбегінің жемісі «Санскрит тілінің грамматикасын» да жарыққа шығарады.

У. Джонстан кейін Қоғамды басқарған Джон Шор «Йога-Васиштхидің» қысқаша нұсқасын парсы тілінен аударады.

1806–1815 жылдары Қоғам президенті Генри Томас Колбрук «Амаракош» атты санскрит сөздігін басып шығарады.

Горас Гайман Вильсон Калидасаның «Мегхадуту» (1813) және Кальханың «Раджатарангини» (1825) атты еңбектерін шығарып, 18 пуранды ағылшын тіліне аударады және де 1827 жылы үнділердің театр өнеріне арналған үш томдық зерттеу жұмысы жарық көреді. Үнді мәтіндері мен тілдерін зерттеуге Қоғамның мүшесі Джон Фэйтфул Флит көп еңбек сіңірді.

1788 жылдан бастап қазіргі күнге дейін Азиялық қоғамның басқаруымен «Азиялық қоғам журналы» («Journal of the Asiatic Society») атауымен ғылыми журнал шығып келеді.

1961 жылы Үндістан үкіметі мен Батыс Бенгалия үкіметінің қолдауымен Азия қоғамының жаңа төртқабатты ғимаратының құрылысы басталып, 1965 жылы 22 ақпанда оны Үндістанның болашақ президенті С. Радхакришнан ресми түрде ашады.

Азия Қоғамының кітапханасында әлемнің барлық тілдеріндегі басылымдар бар: 7 мың шамасында кітап пен 80 мың журнал, үш жүзге жуық карта, 48 мың микрофиш, 387 мың беттік микрофильм, 182 картина, 2500 буклет және 2150 фотодан тұратын топтама әлемдік бай ғылыми қорлардың бірі.

Бұған қоса кітапханада жазудың 26 жүйесімен жазылған 47 мыңға жуық манускрипт бар. Кітапханада Майсур Корольдігінің билеушісі Сұлтан Типудың қорынан алынған Жаһан-шахтың қолтаңбасы бар Құран мен «Шахнаме» қолжазбалары да болған, Колин Маккензидің жеке кітапханасы мен Натаниэл Валлихтың ботаникалық кітапханасы да осында сақтаулы.

Азия Қоғамының мұражайы 1814 жылы Натаниэл Валлихтың басқаруымен құрылған. Мұражай экспонаттары санының тез өсуін оның 1849 жылы жарық көрген алғашқы каталогынан көруге болады. Оның қорында маурилер империясының билеушісі Ашоканың жартасқа жазылған жарлығы, жез тілімшелердегі жазбалардың, тиындардың, мүсіндердің, қолжазбалар және архив жазбаларының маңызды үлгілері бар. Мұнда көркемсурет өнерінің Петер Рубенс, Джошуа Рейнольдс және Гвидо Каньяччи сынды шеберлерінің туындыларын тамашалауға болады.

Калькуттадағы Азия Қоғамы тәрізді Лондонда да Ұлыбритания Корольдігінің Азия Қоғамы болды. Ұлыбританиялық Азия қоғамының құрылуында жетекші рөлді белгілі санскритші және бұрын Калькуттадағы Азия Қоғамының президенті болған Генри Томас Колбрук атқарды.

Қоғам 1823 жылы 15 наурызда Лондонда құрылып, біраз уақыт өткен соң, 1824 жылы тамызда патша IV Георг осы ұйымға хартия берген соң айрықша дәрежеге ие болды. Ол құжатқа сәйкес қоғам «Корольдік» деп аталу құқығын алды. Осы қоғамның бірқатар мүшелері қатарында өздерінің есімдерімен қатар FRAS (Fellows of the Royal Asiatic Society) деген қысқаша атауды қолдануға құқығы бар жоғары білімді және танымал ғалымдар болды.

Британ империясының Шығыспен тығыз байланыстарының нәтижесінде Қоғамда жүргізілген жұмыстардың көбі Үнді субконтинентіне қатысты зерттеулер болды. Бірақ Корольдік Азиялық Қоғамның жалпы қызығушылықтарының аясы Үндістаннан басқа елдерді де, яғни бүкіл Азия, мұсылмандық Солтүстік Африка мен Эфиопия елдерін де қамтыды. Дегенмен де толық шығармашылық еркіндік болған жоқ. Мысалы, Қоғам мазмұны жағынан жақын уақыттағы саяси тарих пен ағымдағы оқиғалар сияқты тақырыптарға шектеу қойып қойды. Осы мораторийдің нәтижесі кейіннен азиялық жұмыстар бойынша Корольдік Орталық-Азиялық Қоғамның құрылуына әкеледі.

Ұлыбритания Корольдігі Азия Қоғамының қазіргі қорында араб, парсы, санскрит, пали, мали және ява тілдеріндегі қолжазбалар, көркем сурет шығармалары мен баспадан шыққан еңбектердің мол үлгілері бар. Оларды таныстыру, насихаттау мақсатында Қоғам көрме ұйымдастырып тұрады.

Ұлыбритания Корольдігі Азия Қоғамының құрамында саясат пен ғылыми ортада кең танымал тұлғалар, атап айтқанда Рабиндранат Тагор, сэр Аурель Стейн, Макс Мюллер, Генри



Роулинсон, Джон Фэйтфул Флит (1906 жылдан бастап қоғамның құрметті хатшысы) және Ричард Бёртон болды.

Қазір Қоғамның жеті жүзден аса мүшесі бар, оның жартысы Ұлыбританиядан өзге елдердің азаматтары. Олар жылына төрт рет Қоғамның журналын алып, ұйымның барлық ресурстарын пайдалану құқығына ие. Жаңа мүшелерді көбіне бұрынғы таңдалған мүшелер ұсынып, қолдау жасап отырады. Қоғамды жиырма мүшеден тұратын Кеңес басқарады. Ұйымның негізгі қызметі журнал шығару, кітапхана, дәрістер мен көрмелерді қаржыландыру болып табылады.

Әр жылдары Бомбейде, Шри-Ланкада, Гонконгте (1847), Шанхайда (1858), Жапонияда, Малайзия (1877) мен Кореяда (1900) Корольдік Азия Қоғамының ресми бөлімдері (Branch) деп есептелетін бірнеше ғылыми қоғамдар құрылған. 2008 жылы Шанхайлық бөлім қайта құрылады. Қазір ол Корольдік Азия Қоғамының Солтүстік-Азиялық бөлімі ретінде белгілі.

Корольдік Азия Қоғамының журналы: *The Journal of the Royal Asiatic Society (JRAS)*. Ол Cambridge University Press баспасында жылына 4 рет шығарылады. Әрбір басылым ғылыми мақалалар мен ғылыми еңбектерге сын-пікірлерді қамтиды. Қоғамның журналына қосымша ретінде түрлі тақырыптағы тарихи қолжазбалар мен монографиялар тұрақты түрде жарияланады.

Ғылыми зерттеулерге әр үш жылда Азиялық Қоғам арнайы сыйлық (Royal Asiatic Society Award) ұсынады. Сонымен қатар, Ішкі Азия зерттеулеріне арналған Денис Синордың медалі мен Қоғамның журналында Таяу Шығыс тақырыбы бойынша жарияланған ең жақсы мақала үшін Барвис-Холлидэй Сыйы секілді марапаттаулар бар.

1822 жылы Францияда танымал француз синологы, қазіргі батыс қытайтануының негізін салушылардың бірі Жан-Пьер Абель-Ремюзаның (1788–1832) бастамасы бойынша, Парижде де Азиялық Қоғам (*Societe asiatique*) құрылды. Ол өзі осы қоғамның алғашқы ғылыми хатшысы болған.

Жас кезінде медицинаны оқып, аббат Тэрсанның кітапханасында қытайлық жаңа емдік шөпті тапқаннан кейін, Жан-Пьер Абель-Ремюза бес жыл бойы өз бетінше қытай тілін меңгереді. Сильвестр де Сасидің көмегімен 18 жыл ол өзінің алғашқы «*Essai sur la langue et la litterature chinoises*» (аудармасы) атты кітабын жариялайды.

1814 жылы Коллежде Абель-Ремюза басқарған қытай тілі кафедрасы ашылады. Сол уақыттан бастап ол өз өмірін толығымен шығыстануға арнайды. Әсіресе қытай дерекнамаларында берілген түрік және моңғолдардың тарихына қатты қызығады. Ал 1824 жылы Король кітапханасында шығыс қолжазбаларын сақтау үшін жауапты қызметке тағайындалады.

Батыс ориентализмінің аса маңызды да, беделді саласының бірі – египтология. Әсіресе, француз зерттеушілерінің египтологияға сіңірген еңбектері әлемге танымал. 1851 жылдан бастап Мысырда қазба жұмыстары басталды: француз ғалымы Франсуа Огюст Фердинан Мариет Мемфиске жақын аймақ – Саккарада көмілген қасиетті өгіздер-апиистер мен көне ескерткіштердің жерасты қорымын тапты. Ол Мысыр мұражайы мен «Көне ескерткіштер қызметі» зерттеу мекемесінің негізін салды.

1881 жылы «Көне ескерткіштер қызметінің» директоры О. Мариеттің орнына келген Гастон Камиль Шарль Масперо Дейруль-Бахаридегі XVII–XXII патшалар әулетінің құпия мумияларының орындарын зерттейді. XIX ғасырдың соңғы онжылдығы мен XX ғасырдың басында француз археологтары бірнеше көне ескерткіштерді тапты. Осылай Мысырдың көне дәуірі зерттеле бастайды. Питри Флиндерс сонымен қатар, бірнеше қалалар (Кахун, Навкратис және т.б.) мен фараондардың XII әулетінің жерленген орындарын табады.

Мысыр Араб Республикасында қазіргі уақытта ел аумағындағы көне ескерткіштерді қорғау, оларды қайта қалпына келтіру, қазба жұмыстарымен айналысатын «Мысырдың көне ескерткіштер қызметі» аталатын мемлекеттік ұйым бар. Оған Мысырдың көне ескерткіштерді сақтайтын барлық мұражайлары қарайды. Олардың қатарында ежелгі дәуірден жеткен ең ірі мысырлық ескерткіштерді сақтап отырған Каирдегі Мысыр ұлттық мұражайы бар.

Мысырда тұрақты египтология мекемелері – археологиялық мақсаттағы арнайы институттар жұмыс істейді. Олар археологиялық қазба жұмыстарымен айналысып, мысыр ескерткіштерін зерттейді. Осы мекемелердің ішіндегі ең ірісі – көп жылдар бойы қазба жұмыстары мен әртүрлі ескерткіштерді зерттеумен айналысатын Шығыс археологиясының Француз институты.



## **Д'Эрбелоның «Шығыс кітапханасы»**

«Шығыс кітапханасы» – мұсылман Шығысы бойынша әлемдегі ең алғашқы ғылыми энциклопедиялық еңбектің атауы. «Шығыс кітапханасы» энциклопедиясының авторы Бартелими д'Эрбело 1625 жылы 4 желтоқсанда Парижде дүниеге келген. Д'Эрбело Сорбоннада гуманитарлық ғылымдар мен философияны оқып меңгерген, шығыс тілдерін үйренумен қызыға айналысқан. Ол араб, түрік және парсы секілді шығыс тілдерінің аудармашысы болып жұмыс істеген.

1666 жылы Бартелими д'Эрбело Тоскананың ұлы герцогі Фернандо II Медичидің (1610–1670) өтініші бойынша оған Флоренцияда сатылымға қойылған шығыс топтамасынан парсы және араб тілдеріндегі қолжазбаларды әкеліп береді. Шығыс топтамасын 1584 жылдан 1608 жылға дейінгі аралықта Мысыр, Иран және Индия елдеріне саяхат жасаған ағайынды Джамбатист пен Джеролами Вечетти құрастырған. Осы топтаманың кейбір қолжазбаларын ұлы герцог II Фернандо Медичи Бартелими д'Эрбелоға тарту етеді.

1667 жылы 200-ден астам қолжазбаға ие болған д'Эрбело Парижге Корольдіктегі қызметіне қайта оралады. Осы қолжазбалардың негізгі бөлігі қазіргі уақытта Францияның Ұлттық кітапханасында сақтаулы тұр. 1682 жылы ол Король кітапханасында араб қолжазбаларының каталогын құрастыруға атсалысады. Қазіргі уақытқа д'Эрбелоның араб тілі туралы латын тіліндегі жасаған ескертпе жазбалары сақталып жеткен. Осы жазбалар өз кезегінде шығыс қолжазбаларын сипаттау жұмыстарында негізгі дереккөз болды. 1692 жылдан 1695 жылға дейін, Бартелими д'Эрбело Колледж Руайальде көне сирия тілі кафедрасын басқарды.

Бартелими д'Эрбело «Түрік және парсы тілдерінің сөздігі» атты ірі еңбектің қолжазбасын қалдырған, 1119 парақтан тұратын ол еңбек алты томға жинақталған, қазір Францияның Ұлттық кітапханасында сақтаулы.

Бартелими д'Эрбело кезінде Авиценна қолданған белгілі араб сөздерінің санын есептеп шығарады. Ол өзінің сөздігіне сонымен қатар осман географиялық атауларының аудармаларын енгізеді. Алдымен жеке еңбектер болып басталған бұл жұмыс осылайша ұлғая келе «Шығыс кітапханасы» деп аталатын энциклопедиялық еңбектің жазылуының алғышарты болды. Бұл еңбекті құрастыруды Бартелими д'Эрбело бастап, 1697 жылы археолог Антуан Галлан аяқтап шыққан. Әрине, шығыстану саласы бойынша шетелдік беделді ғылыми мекемелердің қатары мұнымен шектелмейді.

## **Азия музейі**

Петербург шығыстануы үшін Батыс және Шығыс Түркістанның (Орта және Орталық Азия) тарихы дәстүрлі пән болып саналады. Бұл пәннің қалыптасуы XIX ғасырдың I жартысынан басталады. Санкт-Петербург университетінің Шығыс факультеті мен Императорлық Ғылым Академиясына қарасты Азия музейінде (қазіргі Ресей Ғылым Академиясының Санкт-Петербург бөлімшесінде) жиналған қолжазбалар мен монеталар жиынтығы XIX ғасырдағы Х.Д. Френ, П.С.Савельев, Б.А.Дорн, В.В. Григорьев және В.В. Вельяминов-Зернов секілді ірі орыс шығыстанушыларының кейінгі зерттеулерінің дамуына негіз болды. Біз тек олардың ең алғашқылары және бүгінгі күні де қызмет ететін ұйымдармен таныстық. Олардың бұл салада атқарған жұмыстарының мазмұнымен алдағы уақытта нақтырақ танысамыз.

## **Өзін-өзі бақылау сұрақтары**

1. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінің зерттеу нысаны не?
2. Э. Саид өз зерттеуінде неге Франция мен Англияны қарастырды?
3. Европа мен Таяу Шығыс елдерінің қарым-қатынасы қашаннан басталады?



### **Өздік жұмыс тапсырмалары**

1. Европа елдерінің бірінің ориенталистика саласы жайлы баяндама дайындаңыз. Таңдау бойынша: Франция, Англия Германия, Голландия, Австрия, Италия, Испания.

### **Ұсынылатын ресурстар**

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Э. Саид, Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. Б.Н. Жұбатова, Ж.М. Төлебаева, Г.Е. Надирова, Шығыстануға кіріспе. Алматы. «Қазақ университеті», 2014.
4. Адам Мец, Мусульманский Ренессанс. М, 1973. – 473 с.
5. <http://viticodevagamundo.blogspot.com>.